

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«2024 жылғы 10 сәуір»

№ 42-п

Астана қаласы

город Астана

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы 2021 жылғы 07 сәуірде бекіткен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, сондай-ақ «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 наурыздағы №2/2022 шешімімен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 мамырдағы №5/2022 шешімімен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі – Қоғам) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің комплаенс-офицері Б.Т. Дюсенов:

1) Қоғамда 2024 жылғы 20 мамырдан бастап 2024 жылғы 28 маусымға дейін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіпке және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізісін:

Қоғамның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты, оларды жою жөніндегі ұсынымдарды және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын дайындалған талдамалық анықтаманы Қоғам Басқарма төрағасының қарауына ұсынсын;

3) 2024 жылғы 16 шілдеге дейінгі мерзімде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат Қоғамның интернет – ресурсына орналастырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма Төрағасы

М. Жуйриктаев